

Астрахан ауданы бойынша 2015 жылға арналған субсидияларды алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша егудің оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 5 тамыздағы № 201 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 9 қыркүйекте № 4973 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген, басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағар май материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырықта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларына сәйкес, «А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2015 жылғы 20 мамырдағы № 295 ұсынысының негізінде, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астрахан ауданы бойынша 2015 жылға арналған субсидияларды алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдерді және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша егудің оңтайлы мерзімдері қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с а н ы қ т а л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М . Қ . Қ о ж а х м е т к е жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа е н г і з і л е д і .

4. Осы қаулының іс-әрекеті 2015 жылғы 5 мамырдан бастап туындаған құқықтық қатынастары таралады.

Астрахан ауданының әкімі

Т.Ерсейітов

А с т р а х а н

а у д а н ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

« 5 »

т а м ы з

Астрахан ауданы бойынша 2015 жылға арналған субсидиялар алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдері және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша егудің оңтайлы мерзімдері

№ р/с	Дақылдардың атауы	Егудің оңтайлы мерзімдері	өтінімдерді ұсыну мерзімдері
1	Жаздық бидай	15 мамырдан 05 маусымға дейін	15 маусымға дейін
2	Жаздық арпа	25 мамырдан 07 маусымға дейін	15 маусымға дейін
3	Сұлы	25 мамырдан 07 маусымға дейін	15 маусымға дейін
4	Қарамық	18 мамырдан 30 мамырға дейін	15 маусымға дейін
5	Бұршақ	15 мамырдан 31 мамырға дейін	15 маусымға дейін
6	Ноқат	07 мамырдан 28 мамырға дейін	15 маусымға дейін
7	Жасымық	20 мамырдан 31 мамырға дейін	15 маусымға дейін
8	Рапс	15 мамырдан 31 мамырға дейін	15 маусымға дейін
9	Зығыр	17 мамырдан 31 мамырға дейін	15 маусымға дейін
10	Мақсары	07 мамырдан 25 мамырға дейін	15 маусымға дейін
11	Майлы тұқымға арналған күнбағыс	10 мамырдан 31 мамырға дейін	15 маусымға дейін
12	Қыша	15 мамырдан 31 мамырға дейін	15 маусымға дейін
13	Тұқымға арналған судандық шөп	15 мамырдан 25 мамырға дейін	15 маусымға дейін
14	Сүрлемге арналған жүгері және дәнді-дақылдар мен шөп қоспасы	10 мамырдан 31 мамырға дейін	15 маусымға дейін
15	Шөпке, көк салмағына кіретін бір жылға шөптер (сұлы+бұршақ)	12 мамырдан 30 маусымға дейін	15 маусымға дейін
16	Шөпке, көк салмағына кіретін судан шөбі	20 мамырдан 15 маусымға дейін	15 маусымға дейін
17	Көпжылдық астық тұқымды және бұршақты шөптерді егу	Егістікке шығу мүмкіндігі туысымен 15 маусымға дейін	15 маусымға дейін
18	Картоп	10 мамырдан 10 маусымға дейін	15 маусымға дейін
19	Көкөніс	05 мамырдан 20 маусымға дейін	15 маусымға дейін